№3 Әдістемелік кеңес

Тақырыбы: Жылдық оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы

Түрі: Әдістемелік диалог

№	Іс-шаралар мазмұны	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы	Есеп беру	Мамыр	әдіскер
2	Әдістемелік кабинетінің жұмысының орындалуы туралы қорытынды талдау	Анықтама		
3	«Әдістемелік жұмысқа қанағаттану деңгейі» сауалнамасы. Педагогтардың кәсіби қиындықтарының диагностикасы.	Есеп беру		Әдістемелік бірлестік жетекшісі
4	Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагогтар кандидатурасын қарау	Анықтама		әдіскер
5	2023-2024 оқу жылына әдістемелік жұмысты жоспарлау: пікір алмасу, ұсыныстар, міндеттер, қызметтің негізгі бағыттары.	Жоспар		
6	Әртүрлі мәселелер.			

Сканировано с CamScanner

Әдістемелік кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ № 3

Тақырыбы: Жылдық оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы
Өткізу түрі: әдістемелік диалог
Күні: Күні: 23.05.2023 жыл

Әдістемелік кеңес төрайымы: С. Бағдаулетова -әдіскер
Хатшы: М.Әбдиева - тәрбиеші
Қатысқаны: 9
Қатыспағаны:-0

Күн тәртібінде:

№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы	Әдіскер С. Бағдаулетова
Әдістемелік кабинетінің жұмысының орындалуы туралы қорытынды талдау	әдіскер С. Бағдаулетова
«Әдістемелік жұмысқа қанағаттану деңгейі» сауалнамасы. Педагогтардың кәсіби қиындықтарының диагностикасы.	Әдіскер : С. Бағдаулетова
Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагогтар кандидатурасын қарау	әдіскер С. Бағдаулетова
2023-2024 оқу жылына әдістемелік жұмысты жоспарлау: пікір алмасу, ұсыныстар, міндеттер, қызметтің негізгі бағыттары.	әдіскер С. Бағдаулетова
Әртүрлі мәселелер.	әдіскер С. Бағдаулетова

І ТЫҢДАЛДЫ: №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы
СӨЙЛЕДІ: әдіскер С. Бағдаулетова сөз алды. Тақырып бойынша заттық-дамытушы ортаны оларды өндіруде стандартты емес технологияларды қолдана отырып жаңа дидактикалық құралдармен толықтыру жұмыстары жүргізілді.

Шешім:өткен әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.
ІІ ТЫҢДАЛДЫ: Әдістемелік кабинетінің жұмысының орындалуы туралы қорытынды талдау
СӨЙЛЕДІ: әдіскер С. Бағдаулетова мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі әдістемелік жұмыс – тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттырудың, бүкіл ұжым ның шығармашылық әлеуетін дамытудың, тәрбие процесінің сапасы мен тиімділігін арттырудың негізгі тәсілі. Мектепке дейінгі мекеменің жетістігі көп жағдай да педагогтармен жүргізілетін әдістемелік жұмыстың сапасына байланысты. Әдістемелік жұмыстың мақсаты - мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әрбір педагогының педагогикалық қызметінің жеке-қайталанбас және тиімді жүйесін қалыптастыру және дамыту, мектепке дейінгі ұйым мақсаты мен жылдық міндетерін шешуде жағдай жасау болатын. Әдістемелік жұмыстың жоғары түрі бұл

Сканировано с CamScanner

педагогикалық кеңес. Педагогикалық кеңестер есептер, аналитикалық материалдар, топтардағы жұмыс жағдайын талдау, диагностика мен мониторинг нәтижелері, педагогтарға арналған рефлексиялық тренингтер, әдістемелік ұсыныстар түрінде өткізілді. Бөбекжай педагогтері әр түрлі деңгейдегі сайыстарға қатысты, - деп өткен оқу жылында жүргізілген жұмыстарға қысқаша шолу жасап өтті.
Шешім: Өткен оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстар қанағаттанарлық.
III ТЫҢДАЛДЫ: «Әдістемелік жұмысқа қанағаттану деңгейі» сауалнамасы. Педагогтардың кәсіби қиындықтарының диагностикасы.
СӨЙЛЕДІ: әдіскер: С. Бағдаулетова педагогтардың кәсіби қиындықтарының диагностикасын анықтау мақсатында «Әдістемелік жұмысқа қанағаттану деңгейі» тақырыбында сауалнама алынғанын атап өтіп, сауалнама нәтижелеріне тоқталып, талдап өтті.Сауалнама нәтижесі бойынша 82% педагог балабақшаның әдістемелік жұмысына қанағаттанатыны, 18% әдістемелік құралдар мен көрнекіліктердің жетіспеушілігіне қанағаттанбайтындарын білдірді. Мұнан келіп шығатын қорытынды, әкімшілікке әдістемелік құралдар мен көрнекіліктердің санын көбейту туралы сұраныс жасау қажет екендігін айтты.

Шешім: Сауалнама нәтижесі қанағаттанарлық.
IV ТЫҢДАЛДЫ: Оқу жылының жұмысының қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагогтар кандидатурасын қарау.
СӨЙЛЕДІ: әдіскер : С. Бағдаулетова ұстаз – ұлы есім. Ұстаздардың еңбегін бағалау, ол кісілердің жұмысына деген құрмет, еңбегінің бағаланғаны. Әрбір ұстаз, педагог құрметке лайық. Осы мақсатта өткен оқу жылында тәрбиеленушілермен, ата-аналармен жұмыс барысында өзін белсенді көрсете білген, жан-жақты ізденіп, әр түрлі сайыстарға қатысып, жетістіктерімен қуантып жүрген педагогтар ды марапаттауға ұсынамын,-деп М.Әбдиева. С.Бағдаулетова. А.Ақбергенованы марапаттауға ұсынылған педагогтардың есімдерін атады.

Шешім: марапатталатын педагогтар тізімі ұсынымға жіберілсін.
V ТЫҢДАЛДЫ: 2022-2023 оқу жылына әдістемелік жұмысты жоспарлау. (Пікір алмасу, ұсыныстар, міндеттер, қызметтің негізгі бағыттары).
СӨЙЛЕДІ: әдіскер С. Бағдаулетова бөбекжай топтарының 2022-2023 оқу жылындағы қызмет әртүрлі және жан-жақты болғанын айта келіп, бөбекжайда 3 мен 5 жас аралығындағы 50 бала тәрбиеленуде. Адам бойында ең тамаша қасиеттер балалық шағынан қалыптасады. «Ұрпағым өнегелі, жақсы азамат болып өсіп жетілсін десең, ең алдымен бесігіңді түзе» – деген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің сөзі тегін емес. сай өтетін қызметтер барынша бала әлеуетін арттыруға бағытталған. Жүйелі ұйымдастырылған тәрбие мен білім балабақша табалдырығын аттаған Ұлттық өнегенің ең асыл, ең нәрлі қасиеттері бала бойына сәби шақтарынан-ақ сіңірілуі қажет. Сондықтан да біздің бөбекжайымызда әрбір күн тәртібіне бүлдіршіндердің қадамдарына ертеңге деген нық сенім, жүректеріне патриоттық сезім ұялатары сөзсіз. Қазіргі күнде тәрбиешілердің кәсіби біліктілігіне баса назар аударылуда. Бөбекжайымызда 9 педагог, олардың 6 –ы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша жоғары білімді, 2 -«педагог-сарапшы», 1 - «педагог-модератор» еңбек етуде.
2022-2023 оқу жылында 4 педагог «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтында біліктілік курсынан өтті. Онда педагогтар заттық дамытушы ортаны толықтыруда ойындардың маңыздылығын қолдануды зерттеді. Тәрбиеленушілерді заман

Сканировано с CamScanner

талабына сай жан-жақты дамыған ұрпақ ретінде тәрбиелеуде педагогтарымыз Воскобович, Монтессории, ТРИЗ инновациялық технологияларын, оның ішінде балабақша бүлдіршіндеріне ең жақын ойын арқылы оқыту технологиясын жүйелі қолдануда. АКТ-ны пайдалана отырып жүргізілген жұмыстарға балалар қызығу шылықпен қатысады және материалды есте сақтайды, ал ата-аналарға педагогтар мен бірге өткізген қызықты болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қамтылмай қалған жұмыстар бағыттарын ескере отырып, жаңа оқу жылының мақсаттар мен міндеттерін айқындаймыз. Өз ұсыныстарыңызды ортаға салсаңыздар,-деді.

СӨЗ АЛДЫ: тәрбиеші С. Қосбергенова балалардың шығармашылық қабілеттер ін жандандыратын жұмыс бағытын қолға алсақ. Тәрбиешілер балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға әлі де толық айналыспайтынын, балалармен жеке жұмыс қолға алынбағанын айтты.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер С. Бағдаулетова келесі 2023-2024 оқу жылының мақсаты баланың мектепке дейінгі жастағы толыққанды өмір сүруіне қолайлы жағдай жасай отырып, мектепке дейінгі білім берудің заманауи сапасына қол жеткізу, оның балалардың тұлғалық қасиеттерін дамыту үшін ақпараттық-әдістемелік, материалдық-техникалық жағдайларды ұйымдастыру, - деді.

Шешім: жаңа оқу жылының мақсат-міндеттері бекітілсін.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Әртүрлі мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер С. Бағдаулетова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес 1 қыркүйек пен 30 мамыр аралығында – оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі. Ал, 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі болып табылады.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығы – осы кезеңдегі ғана емес, сонымен қатар болашақты нақты болжайтын қоғам мен мемлекеттің маңызды көрсеткіші. Бүгінгі күні балалардың денсаулық мәселесі педагогикалық дәрежеден шығып, әлеуметтің маңызы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және нығайтудың көптеген тәсілдері мен құралдары бар. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау және нығайту – мектепке дейінгі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі. Оны іске асырудың тиімді түрі жаз мезгілінде балалардың демалысын ұйымдастыру болып табылады. Жазғы сауықтыру кезең – балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға қолайлы кезең. Балалардың таза ауада болуы балалар ағзасын нығайтады және шынықтырады, жан-жақты дамуына жағымды әсер етеді. Мектепке дейінгі ұйымдар денсаулық сақтау дағдылары ның тәрбиелеу, дамыту, сауықтыру-профилактикалық міндеттерін тиімді және оңтайлы шешу қажет. Осы орайда бөбекжайдың жазғы сауықтыру шараларының жоспары Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде, бес білім беру дағдысында қамтылған жеңілдетілген түрде ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері мен күн тәртібі және үш айға арналған өтпелі тақырыптық жоспары жасалынды. Ұйымдастырылған оқу қызметтері ойын түрінде өтіледі және әр жұма күні апталық тақырыпты қорытындылау есебінде топтар арасында музыка жетекшісімен және тәрбиешілер ойын-сауық түрінде іс-шара өткізеді.

Сканировано с CamScanner

Балабақша мен отбасы жағдайында сауықтыру шараларын өткізуде тиімді технологияларды енгізу жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайтуды, ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық, қатынастық, шығармашылық қабілеттерін дамытуды, педагогтар мен ата-аналардың ақпараттық құзыреттіліктерін арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Әдістемелік кеңес төрайымы: С. Бағдаулетова

Хатшы: М.Әбдиева

Сканировано с CamScanner